

Теңіз кемелері экипаждарының мүшелеріне диплом беру ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 22 тамыз N 936. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Теңіз кемелері экипаждарының мүшелеріне диплом беру ережесі бекітілсін.

2. "Теңіз кемелерінің басшылық құрамындағы адамдардың атақтары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 ақпандағы N 233 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 12, 144-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан

Республикасының

Премьер - Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 22 тамыздағы

N 936 қаулысымен

бекітілген

Теңіз кемелері экипаждарының мүшелеріне диплом беру

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Теңіз кемелері экипаждарының мүшелеріне диплом беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 24-бабының және Теңізшілерді даярлау, оларға дипломдар беру және вахта атқару туралы 1978 жылғы Халықаралық конвенцияның және осы Конвенцияға 1995 жылғы түзетулердің (бұдан әрі - 1978 жылғы Конвенция) негізінде әзірленді.

2. Маманның дипломдары, біліктілік және арнайы куәліктері:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына;
2) Қазақстан Республикасының теңіз оқу орындарын бітірген шетел азаматтарына;

3) кеме капитаны, капитанның аға көмекшісі, аға механик және радиомаман лауазымдарына орналасуға құқығы жоқ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астындағы кемелерде жұмыс істейтін немесе жұмыс істеген шетел азаматтарына;

4) кеме капитаны, капитанның аға көмекшісі, аға механик және радиомаман лауазымдарына орналасуға құқығы жоқ, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде теңіз оқу орындарын бітірген және оны Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес дәлелдеген шетел азаматтарына беріледі.

3. Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштерінің туы астында жүзетін және шекара қызметінің теңіз бөлімдерінің кемелерін, коммерциялық тасымалдармен айналыспайтын серуендік яхталар мен қарапайым конструкциялы ағаш кемелерді қоспағанда, теңіз кемелері экипаждарының мүшелеріне маман дипломдарының, біліктілік және арнаулы куәліктерінің мынадай түрлері беріледі:

1) дипломдар:
кеме жүргізушілеріне:
капитан;
капитанның аға көмекшісі;
капитанның вахталық көмекшісі;
жалпы сыйымдылығы 500 регистрлік тоннадан (бұдан әрі - р.т.) кем жағалауға жақын жүзетін кемелердің капитаны;
жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем жағалауға жақын жүзетін кемелер капитанының вахталық көмекшісі;

кеме механиктеріне:
бірінші разрядты;
екінші разрядты;
үшінші разрядты;
кеме электромеханиктеріне:
бірінші разрядты;
екінші разрядты;
үшінші разрядты;

кеме радиомамандарына:

Зілзала кезінде және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ғаламдық теңіздік байланыс жүйесінің (бұдан әрі - ЗҚҒТБЖ) бірінші сыныпты радиоэлектроншысы ;

ЗҚҒТБЖ екінші сыныпты радиоэлектроншысы;

З К Ф Т Б Ж операторы;

ЗҚҒТБЖ шектеулі ауданының операторы;

бірінші сыныпты радиооператор;

екінші сыныпты радиооператор;

оператор-радиотелефонист;

к е м е д ә р і г е р і ;

2) кеме командасы тұлғалары үшін біліктілік куәліктері:

М а т р о с ;

м о т о р и с т ;

т о к а р ь - м о т о р и с т ;

э л е к т р и к ;

3) 1978 жылғы Конвенцияның талаптарына сәйкес берілетін командалық құрам және кеме командасының тұлғалары үшін маманның арнайы куәліктері.

4. Маманның дипломдарын, біліктілік және арнайы куәліктерін жасы 18-ден кем емес, тиісті теңіз білімі, теңіз кемелеріндегі жұмыс стажы бар, денсаулық жағдайы бойынша жарамды және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бекіткен талаптар бойынша біліктілік комиссиясы өткізетін емтихандарды тапсырған, тұлғаларға, порттардың Теңіз әкімшілігі береді. Көрсетілген емтихандардан оқуды аяқтағаннан кейін бір жыл бойы теңіз оқу орындарының түлектері босатылады.

5. Біліктілік комиссияларын құру, емтихан өткізу, маманның дипломдарын, біліктілік және арнайы куәліктерін және дипломдар мен біліктілік куәліктерінің берілгендігін куәландыратын растамаларды беру тәртібін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгілейді.

6. Кеменің экипаж мүшелерінің лауазымына орналасу үшін әскери-теңіз білімі бар тұлғаларға дипломдар мен біліктілік куәліктерін беру осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

7. Теңіз кемелерінің капитандары мен басқа да экипаж мүшелеріне берілген дипломдар осындай дипломдардың берілгендігін куәландыратын, теңіз сауда порттарының капитандары беретін растамалар бар болған кезде жарамды болып е с е п т е л е д і .

8. Матростың, мотористің, токарь-мотористің және электрiктің бiлiктiлiк куәлiктерi бар тұлғаларға жүру тұғырында немесе машиналық үй-жайда вахтаға тұру жөнiндегi экипаж мүшелерiнiң мiндеттерiн атқаруға рұқсат етiледi.

9. Капитанның, капитан көмекшілерінің, кеме механиктері мен кеме электромеханиктерінің бұл мамандықтарға оқыту теңіз кемелерінің командалық құрамын даярлау бағдарламасына енгізілсе, құтқару қайықтары мен салдары бойынша өртпен күрес бойынша маманның арнайы куәлігі болмауы да мүмкін.

10. Ерекше жағдайларда, егер бұл адамдарға, мүліктерге немесе қоршаған ортаға қауіп төндірмейтін болса, теңіз порты капитанының шешімі бойынша теңіз кемелері командалық құрамының тұлғаларына дипломмен рұқсат етілгенге қарағанда шектеулі мерзімге бір санат жоғары лауазымға орналасуға жеңілдікті рұқсат (бұдан әрі - жеңілдікті рұқсат) етілуі мүмкін.

Капитанның немесе аға механиктің лауазымына орналасу құқығына жеңілдікті рұқсат тек төтенше жағдайларда барынша қысқа мерзімге беріледі.

Егер тұлғаның дипломы болмаса, дипломның болуын талап ететін ең төменгі лауазымға орналасуға жеңілдікті рұқсат берілуі мүмкін.

Жеңілдікті рұқсаттар теңізде жүзу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды орындау үшін маманның жеткілікті біліктілігі мен тәжірибесі болған кезде 6 айдан артық емес мерзімге беріледі.

Теңіз көлігі ұйымдарының басшылары мен теңіз кемелерінің капитандары маманның дипломы, біліктілік немесе арнайы куәлігі не жеңілдікті рұқсаты жоқ тұлғаларды жұмысқа жіберуге құқығы жоқ.

Жеңілдікті рұқсаттарды беру туралы ақпаратты теңіз порттарының капитандары Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ай сайын беріп отырады.

11. Маманның дипломдары, олардың берілгендігін куәландыратын растамалар біліктілік және арнайы куәліктер:

- 1) адам өміріне тікелей қауіп төнген;
- 2) мүлік сақталмаған;

3) теңіздік қоршаған ортаға залал келтірген жағдайларда теңіз кемелерінің экипаждары мүшелерінің құзыретсіздігі немесе өз міндеттерін тиісінше атқармауы салдарынан порт капитандарының оларды алып қоюы, күшін жоюы немесе олардың қолданылуын тоқтата тұруы мүмкін.

12. Шет мемлекеттері - 1978 жылғы Конвенцияға қатысушылар берген капитандардың және командалық құрам тұлғаларының дипломдарын тану Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгілеген ережелер бойынша растамаларды беру арқылы жүзеге асырылады.

2. Дипломдарды алу үшін қойылатын талаптар

Кеме жүргізушілерінің дипломдары

13. Капитанның вахталық көмекшісінің дипломын алу үшін:

1) оқу орындарының жоспарларына сәйкес капитанның, дипломы бар маманның немесе білікті практика жетекшісінің басқаруымен 12 айдан кем емес, соның ішінде жалпы сыйымдылығы 500 р.т. және одан да көп өзі жүзетін кемелердің жүргізу тұғырында вахтада тұру жөніндегі міндеттерді атқарумен 6 айдан кем емес палубалық команда құрамында өзі жүзетін кемелерде жүзу стажы . Практикадан өту Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бекіткен нысан бойынша тіркеу кітабына тіркеліп отырылуы тиіс;

2) кемелік радиомаманның дипломы;

3) "Радиолокациялық қадағалау және бағыт сілтеу" және "Автоматтандырылған радиолокациялық бағыт сілтеу жүйесін пайдалану" бағдарламалары бойынша тренажерлік дайындықтан өткені туралы оқу орны немесе сертификатталған оқу орталығы берген куәлігі.

14. Капитанның аға көмекшісі дипломын алу үшін:

1) капитанның вахталық көмекшісінің дипломы;

2) кемелік радиомаманның дипломы;

3) жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем емес өзі жүзетін кемелерде капитанның вахталық көмекшісінің міндеттерін атқарумен 12 айдан кем емес жұмыс стажы
б о л у ы қ а ж е т .

15. Капитанның дипломын алу үшін:

1) капитанның аға көмекшісінің дипломы;

2) кемелік радиомаманның дипломы;

3) жалпы сыйымдылығы 500 р.т. және одан да көп өзі жүзетін кемелерде капитанның аға көмекшісінің лауазымында 12 айдан кем емес жұмыс стажы
б о л у ы қ а ж е т .

16. Жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем емес жағалауға жақын жүзетін кемелер капитанының вахталық көмекшісі дипломын алу үшін:

1) өзі жүзетін кемелерде 12 айдан кем емес, соның ішінде капитанның, дипломы бар маманның немесе білікті практика жетекшісінің басқаруымен жүргізу тұғырында вахтада тұру жөніндегі міндеттерді атқарумен кемінде 6 ай
ж ү з у с т а ж ы ;

2) кемелік радиомаманның дипломы;

3) "Радиолокациялық қадағалау және жол сілтеу" бағдарламасы бойынша тренажерлік дайындығы болуы қажет.

17. Жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем емес жағалауға жақын жүзетін кемелер капитаны дипломын алу үшін:

1) капитанның вахталық көмекшісінің немесе жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем емес кемелер капитаны вахталық көмекшісінің дипломы;

2) кемелік радиомаманның дипломы;

3) өзі жүзетін кемелердегі капитанның көмекшісі лауазымындағы 12 айдан кем емес жұмыс стажы.

18. Кеме жүргізушілердің дипломдары бар тұлғаларға:

1) капитанның вахталық көмекшісіне - кез келген кемелерде капитанның вахталық көмекшісі лауазымына немесе жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем емес жағалауға жақын жүзетін кемелер капитанының аға көмекшісі лауазымына орналасуға;

2) капитанның аға көмекшісіне - қоса алғанда кез келген кемелерде капитанның аға көмекшісіне дейінгі лауазымға орналасуға;

3) капитанға - қоса алғанда кез келген кемелерде, соның ішінде жағалауға жақын жүзетін кемелерде капитанға дейінгі лауазымға орналасуға;

4) жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем жағалауға жақын жүзетін кемелер капитанының вахталық көмекшісіне - жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем жағалауға жақын жүзетін кемелерде капитанның вахталық көмекшісі лауазымына немесе осы кемелерде капитанның вахталық көмекшісінің міндеттерін атқарумен өзі жүзетін кемелерде 12 айдан кем емес жұмыс стажын растайтын құжаты бар болған кезде капитанның аға көмекшісі лауазымына орналасуға;

5) жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем жағалауға жақын жүзетін кемелер капитанына - жалпы сыйымдылығы 500 р.т. кем жағалауға жақын жүзетін кемелер капитанының лауазымына орналасуға рұқсат етілуі мүмкін.

Жағалауға жақын жүзу болып, шығу пунктінен 150 теңіз милясынан кем және жағалаудан 30 теңіз милясына дейінгі ең қысқа жол бойынша бір бағытта Қазақстан Республикасының жағалауымен бойлай жүзу есептеледі.

Кемелер механиктерінің дипломдары

19. Үшінші разрядты кеме механигінің дипломын алу үшін кемелік техникалық құралдарға қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді орындаумен машина командасының құрамында өзі жүзетін кемелерде 6 айдан кем емес жүзу стажы және оқу орындарының жоспарларына сәйкес кеме жөндеу жөніндегі өндірістік практикадан өткені туралы куәліктің болуы қажет. Практикадан өту Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бекіткен нысан бойынша тіркеу кітабына тіркеліп отырылуы тиіс.

20. Екінші разрядты кеме механигінің дипломын алу үшін үшінші разрядты кеме механигінің дипломымен және бас қозғалтқыштарының жалпы қуаты 750 кВт-тан кем емес кемелерде вахталық механиктің міндеттерін орындаумен өзі жүзетін кемелерде 12 айдан кем емес жүзу стажы болуы қажет.

21. Бірінші разрядты кеме механигінің дипломын алу үшін өзі жүзетін кемелерде 36 айдан кем емес, оның ішінде екінші разрядты кеме механигінің

дипломымен 12 айдан кем емес, және бас қозғалтқышының жалпы қуаты 750 кВт және одан артық кемелерде аға механиктің міндеттерін орындаумен және/немесе бас қозғалтқыштарының жалпы қуаты 3000 кВт және одан артық кемелерде екінші механиктің міндеттерін орындаумен жұмыс стажы болуы қажет.

22. Кеме механигінің дипломы бар тұлғаларға:

1) үшінші разрядты кеме механигіне:

бас қозғалтқышының жалпы қуаты 750 кВт-тан кем кемелерде қоса алғанда аға механикке дейінгі лауазымға орналасуға;

бас қозғалтқыштарының жалпы қуаты 3000 кВт-тан кем кемелерде бас қозғалтқышының жалпы қуаты 750 кВт және одан артық кемелерде вахталық механиктің міндеттерін орындаумен 12 айдан кем емес, оның ішінде үшінші механиктің лауазымындағы, 8 айдан кем емес жұмыс стажын растайтын құжаты болған кезде екінші механиктің лауазымына орналасуға;

кез келген кемелерде қоса алғанда үшінші механиктің лауазымына орналасуға;

2) екінші разрядты кеме механигіне:

бас қозғалтқыштарының жалпы қуаты 3000 кВт-тан кем кемелерде бас қозғалтқышының жалпы қуаты 750 кВт және одан артық кемелерде екінші механиктің лауазымындағы 12 айдан кем емес жұмыс стажын растайтын құжаты болған кезде аға механиктің лауазымына орналасуға;

кез келген кемелерде қоса алғанда екінші механиктің лауазымына орналасуға;

3) бірінші разрядты кеме механигіне - кез келген кемеді мамандығы бойынша кез келген лауазымға орналасуға рұқсат етілуі мүмкін.

Кеме электромеханиктерінің дипломдары

23. Үшінші разрядты кеме электромеханигінің дипломын алу үшін кемелік электр жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді орындаумен машина командасының құрамында өзі жүзетін кемелерде 6 айдан кем емес жүзу стажының болуы және оқу орындарының жоспарларына сәйкес кеме жөндеу жөніндегі өндірістік практикадан өтуі қажет.

24. Екінші разрядты кеме электромеханигінің дипломын алу үшін үшінші разрядты кеме электромеханигінің дипломымен электромеханиктің лауазымында қуаты 750 кВт және одан артық электр жабдығы бар өзі жүзетін кемелерде 12 айдан кем емес жүзу стажы болуы қажет.

25. Бірінші разрядты кеме электромеханигінің дипломын алу үшін екінші разрядты кеме электромеханигінің дипломымен электромеханиктің лауазымында қуаты 1500 кВт және одан артық электр жабдығы жоқ өзі жүзетін кемелерде 24 айдан кем емес жүзу стажы болуы қажет.

26. Кеме электромеханигінің дипломы бар тұлғаларға:

1) үшінші разрядты кеме электромеханигіне:
қуаты 3500 кВт-тан кем электр жабдығымен көсулік электр қозғалтқыштары
жоқ кемелерде электромеханиктің лауазымына орналасуға;
жалпы қуаты 750 кВт және одан артық көсулік электрқозғалтқыштары бар
кемелерде үшінші электромеханиктің міндеттерін орындаумен 12 айдан кем емес
жұмыс стажын растайтын құжаты болған кезде жалпы қуаты 3000 кВт-тан кем
көсулік электрқозғалтқыштары бар кемелерде екінші электромеханиктің
лауазымына орналасуға;

көсулік электрқозғалтқыштары жоқ кемелерде екінші электромеханиктің
лауазымына орналасуға;

кез келген кемелерде қоса алғанда үшінші электромеханиктің лауазымына
дейін орналасуға;

2) екінші разрядты кеме электромеханигіне:
жалпы қуаты 750 кВт және одан артық көсу электрқозғалтқыштары бар
кемелерде екінші электромеханиктің міндеттерін орындаумен 12 айдан кем емес
жұмыс стажын растайтын құжаты болған кезде қуаты 3000 кВт-тан кем көсулік
электрқозғалтқыштары бар кемелерде аға электромеханиктің лауазымына
орналасуға;

қуаты 5000 кВт-тан кем электр жабдығы бар көсулік электрқозғалтқыштары
жоқ кемелерде аға электромеханиктің лауазымына орналасуға;
кез келген кемелерде қоса алғанда екінші электромеханиктің лауазымына
дейін орналасуға;

3) бірінші разрядты кеме электромеханигіне кез келген кемеде мамандығы
бойынша кез келген лауазымға орналасуға рұқсат етілуі мүмкін.

Кеме радиомамандарының дипломдары

27. Кеме операторы-радиотелефонисінің дипломын алу үшін теңіз оқу
орнында немесе оқу жоспарына сәйкес осы мамандық бойынша оқу орталығында
дайындықтан өту қажет.

28. Екінші сыныпты кемелік радиооператордың дипломын алу үшін:
жоғары немесе орта теңіздік арнаулы білімі;
оқу практикасын қоса алғанда, мамандығы бойынша жұмыстарды
орындаумен кемелерде 6 айдан кем емес жұмыс стажы болуы қажет.

29. Бірінші сыныпты кемелік радиооператордың дипломын алу үшін:
екінші сыныпты кемелік радиооператордың дипломы;
орта білімі бар тұлғалар үшін радиомаманның жұмысын орындаумен
кемелерде 18 айдан кем емес, жоғары білімділер үшін - 12 айдан кем емес жұмыс
стажы болуы қажет.

30. ЗҚҒТБЖ шектеулі ауданы кеме операторының дипломын алу үшін кеме
жүргізу мамандығы бойынша жоғары немесе орта теңіздік арнайы білімі болуы

және оқу жоспарына сәйкес ЗҚҒТБЖ оқу-тренажерлік орталығында дайындықтан өтуі қажет.

31. ЗҚҒТБЖ кеме операторының дипломын алу үшін: кеме жүргізу мамандығы бойынша жоғары немесе арнайы орта теңіздік білімі ;

жедел радио байланыспен байланысты мамандық бойынша жұмысты орындаумен кемелерде 6 айдан кем емес жұмыс стажы болуы және оқу жоспарына сәйкес ЗҚҒТБЖ оқу-тренажерлік орталығында дайындықтан өтуі қажет .

32. Екінші сыныпты ЗҚҒТБЖ кемелік радиоэлектроншының дипломын алу үшін мыналар қажет :

1) жоғары теңіздік радиотехникалық білімі бар тұлғалар үшін: радиооператордың не радиостанция бастығының лауазымында кемелерде 6 айдан кем емес жұмыс стажының болуы немесе жұмысты атқарумен; оқу жоспарына сәйкес бойынша ЗҚҒТБЖ оқу-тренажерлік орталығында дайындықтан өтуі ;

2) орта теңіздік радиотехникалық білімі бар тұлғалар үшін: радиостанция бастығының лауазымында кемелердегі 24 айдан кем емес жұмыс стажының болуы ;

оқу жоспарына сәйкес ЗҚҒТБЖ оқу-тренажерлік орталығында дайындықтан өтуі және оқу жоспарына сәйкес жоғары теңіз оқу орны жанындағы арнайы біліктілік көтеру курстарында оқуы.

33. Бірінші сыныпты ЗҚҒТБЖ кемелік радиоэлектроншының дипломын алу үшін мыналардың болуы қажет :

жоғары теңіздік радиотехникалық білімі туралы диплом; екінші сыныпты ЗҚҒТБЖ кемелік радиоэлектроншының дипломы; мамандығы бойынша жұмысты атқарумен ЗҚҒТБЖ аппаратурасымен жабдықталған кемелерде 24 айдан кем емес жұмыс өтілі;

34. Кемелік радиомамандардың дипломы бар тұлғаларға:

1) кемелік оператор-радиотелефоншыға радиотелефон қондырғымен жабдықталған жалпы сыйымдылығы 300 р.т. кем кемелерде оператор-радиотелефоншының лауазымына орналасуға;

2) екінші сыныпты кемелік радиооператорға жалпы сыйымдылығы 300 р.т. кем кемелерде мамандығы бойынша лауазымға орналасуға;

3) бірінші сыныпты кемелік радиооператорға жалпы сыйымдылығы 300 р.т. кем кемелерде мамандығы бойынша лауазымға орналасуға;

4) екінші сыныпты ЗҚҒТБЖ кемелік радиоэлектроншыға жалпы сыйымдылығы 20000-ға дейінгі жүк кемелерінде және ЗҚҒТБЖ талаптарына сәйкес жабдықталған сыйымдылығы 250 жолаушыға дейінгі жолаушылар

кемелерінде капитанның радиоэлектроника жөніндегі көмекшісі лауазымына
о р н а л а с у ғ а ;

5) бірінші сыныпты ЗҚҒТБЖ кемелік радиоэлектроншыға ЗҚҒТБЖ
талаптарына сәйкес жабдықталған кез келген жүк және жолаушылар кемелерінде
капитанның радиоэлектроника жөніндегі көмекшісі лауазымына орналасуға
р ұ қ с а т е т і л е д і .

Кеме командасының біліктілік куәліктері
35. Теңізшінің, моторшының, токарь-моторшының, электриктің біліктілік
к у ә л і г і н а л у ү ш і н :

1) оқу жоспарына сәйкес тиісті мамандық бойынша оқу орталығында
д а й ы н д ы қ т а н ө т у ;

2) теңіз кемесіндегі кемінде 2 ай жұмыс стажын қоса алғанда, жағада немесе
кемеде а р н а й ы д а й ы н д ы қ т а н ө т у қ а ж е т .